



**«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қазан, 2019 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАСЛЕДИЯ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ТУРКЕСТАН»**

17-18 октября, 2019 года

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"HERITAGE OF HODJA AHMET YASSAWI AND TURKESTAN"**

17-18 october, 2019 year

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСТАВРАЦИЯЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Еліміздің өшпес өткен тарихынан мол мағлұмат беретін құндылықтарымыздың жиынтығын музей меншігінен кездестіре аламыз. Кез-келген музейлік зат табиғи ескіруге жақын келетіні анық. Мұндай істің алдын-алу мақсатында музей қызметкерлері арнайы мамандарға жүгінеді.

Температуралық-ылғалдылық, жарықтық, биологиялық режимдерді енгізу және сақтаудың өзі музей заттарын консервациялауға жатады. Алайда, бұл шаралар көп жағдайда жеткіліксіз болады. Заттарды сақтау үшін химиялық және физикалық құралдарды талап етеді. Мұндай консервациялық жұмыстарды тек арнайы дайындықтан өткен реставратор ғана жүргізеді.

Консервация дегеніміз табиғи ескіру процесін баяулату мақсатында белгілі бір режимдерді жүргізу арқылы заттарды сақтау, сонымен қатар, бұзылу процесіне белсенді түрде араласып, заттарды бекіту болып табылады [1. С.107].

Заттарда олардың семантикалық дерек ретіндегі құндылығын төмендететін сынған жерлері, нұқсандары немесе кейіннен қосылған тұстары болады. Мұндай жағдайда заттар қайта қалпына келтіріледі. Заттың бастапқы кейпіне тек шартты түрде жүреді. Өйткені материал табиғи ескіру кезінде қалпына келмейтін өзгерістерге ұшырайды.

Реставрация дегеніміз табиғи ескіру мен нұқсан келтіру немесе әдейі өзгерту кезінде заттардың өзгеріске ұшыраған тұстарын бастапқы қалпына барынша жақындату болып табылады. Қалпына келтіру жұмыстарын да тек маман реставраторлар жүргізеді [1. С. 107].

Кейде консервация мен реставрацияның ара-жігін нақты айыру мүмкін емес. Мысалы, заттың бетіндегі зиянды тот пен кірді тазарту оның сақталуына да бастапқы қалпына келтіруге жатқызуға болады. Археологиялық заттарды консервациялау мен реставрациялау негізінде далалық жұмыстар кезінде жасалады немесе жыл басында арнайы реставратор мамандары музей қорына профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында анықтайды.

Қордың сақталуын бақылап жүрген сақтаушылар мен реставраторлар консервация мен реставрацияны қажет ететін заттарды іріктеп (профилактикалық) алады. Іріктеуді қордағы заттарды түгендеу кезінде жүргізген дұрыс. Өйткені түгендеу барсында әрбір затқа назар ерекше бөлініп, түпкілікті қаралады.

Экспозициядағы заттар тұрған жерінде қаралады. Үлкен көлемді заттарды сақтаулы тұрған бөлмесінде қарайды. Көлемі кішігірім заттарды арнайы дайындалған столда қалпына келтіреді. Ол үшін стол тегіс, әрі ақ қағаз төселген болуы қажет. Мұндай жабу үстінде заттардан түскен ұсақ бөліктерін, үгінділерін, талшықтарын тез табуға мүмкіндік бар. Аталған үгінділердің кейін қалпына келтіру барысында қажеттілігін ескерген тиіс. Сонымен қатар, аталған столдан заттың биологиялық зиянкестердің әсерін байқауға қолайлы. Жұмыс барысында басқа заттарға жұқпас үшін төсенішті жиі ауыстырып отырады.

Заттарды қарауда рефлекторлы лампалар мен ұзын шнурлар қолданылады. Кей уақыттарда лупа қолданған да жөн. Табылған нұқсандарды – сызық, коррозия, жазық, үгітінділерді сызғыш арқылы өлшейді.

Заттардың мүкіс жерлері толығымен қаралғаннан кейін оның қорытындысы арнайы кітапқа тіркеледі. Жазбада негізгі сипаттамаларынан басқа, оның сақталу дәрежесі хронологиялық ретпен жазылады. Бұл белгілі бір уақыт аралығында болған өзгерістерді анықтауға көмектеседі.

Консервация мен реставрация өте жауапты іс болып табылады. Қате көрсетілген диагноз, дұрыс жүргізілмеген жұмыс музей құндылығының жойылуына алып келеді. Жаңа тәсіл мен жаңа құралдарды (химиялық, және басқа да жаңа заттарды) қолдану өте сақтықты және тиянақты эксперименттік тексеруді қажет етеді. Әсіресе, қайталанбас мұралар мен өте сирек кездесетін заттарды қайта қалпына келтіру аса маңызды іс болып табылады.

Консервация мен реставрация жасаудың қажеттігі, мүмкіндігі, құралдары мен тәсілдері жөніндегі мәселелер арнайы кеңес немесе комиссия арқылы шешіліп, пратаколда тіркеледі. Ал, жасалған жұмыс жөнінде қысқаша сипаттама ғылыми сипаттау карточкасына белгіленеді. Бұл құжат

заттың спецификалық тарихын айғақтайды. Жылдар бойы осылай жинақталған құжаттар, заттардың реставрацияланған құралдары мен тәсілдерін анықтауға, тәсілдерді жетілдіруге көмектеседі [1. С. 107-108].

Реставратордың музейдегі функциялары көпқырлы. Атап айтар болсақ, қор сақтаушымен бірге ол музей заттарының сақталуын қадағалай алады, консервация мен реставрацияны қажет ететін заттарды сұрыптай келе, негізгі жұмысын атқарады. Сондай-ақ, музей заттарының экспозицияға қойылуы мен тасымалдану мүмкіндігі жөніндегі шешім де реставраторға байланысты болып келеді. Реставраторлар жүргізіп отырған зерттеу жұмыстары музей заттарын зерттеуші ғылыми қызметкерлерге өте үлкен пайда әкелері анық. Мысалы, кез-келген заттың материалы мен техникасын анықтау барысында көмектесе алады. Тәжірибелі реставратор реставрация мен консервацияның теориясы мен методикасын жетілдіруге өз үлесін қосады.

Музейдегі құндылықтардың ішіндегі төзімділігі төмен заттар бұл құжаттар, яғни қағаз бұйымдары болып табылады. Кез-келген музей жанында құжаттарды сақтайтын жеке орынның болуы шарт.

Құжаттарды реставрациялау – консервациялаудың жалпы оны сақтауды қамтамасыз ететін комплексті амалдардың құрамдас бөлігі.

Құжаттарды реставрациялау – құжаттардың формасы мен сыртқы түрін қалпына келтіру, яғни оны тазалау, жетпейтін беттерін толтыру және қатайту арқылы жүреді. Реставрация мен стабилизация арасын нақты бір шектеу барлық уақытта мүмкін емес. Құжаттарды стабилизациялау – оның ескіруін тежеу және зақымдануды болдырмау барысындағы өңдеу. Сонымен қатар, стабилизацияға құжаттарды биоцидтер сияқты ерітінділермен өңдеу кіреді. Стабилизацияны жеке өзіндік іс-шара ретінде немесе объектіні реставрациялау барысында орындайды [2. С.138-140].

Реставрациялаудың технологиясы тұрақты, міндетті түрде жасалатын емес. Реставрациялаудың түрлі мектептері, әртүрлі әдістері мен тәсілдері әр елдерде ғана болып қоймайды, тіпті қалаларда, мекемелерде, әр реставраторлардың өзінде де болады. Бірақ бұл шығармашылық жұмыстың, яғни реставрацияның технологиясының, реставрациялық материалдарды қолданудың белгілі бір шегі болуы қажет. Ол ғылыми жағынан негізделуі керек. Ғылым мен техниканың дамуы, мәдени ескерткіштерін, соның ішінде құжаттарды консервациялаумен айналысатын мамандар үшін жалпы ортақ оқытатын жүйені құру барысында консервациялаудың бағыты мен реставрациялаудың технологиясына тұрақты түрде өзгерістер қосып отырады. Бірақ, барлық уақытта да көздеген мақсат біреу ғана – мәдени ескерткіштерді сақтау, олардың өмірін ұзарту.

Мәдени ескерткіштерді реставрациялаудың ережесі көптеген жылдар бойы қалыптасты, әлі де даму үстінде. Құжаттарды реставрациялау барысында мынадай ережелерді сақтау қажет:

- Барлық реставрациялық іс-шаралар құжаттарды қалпына келтіруге, оның сақталу дәрежесін ұзартуға бағытталуы қажет. Қолданылатын материалдар мен әдістер құжаттар үшін зиянсыз болуы керек;

- Құжаттармен жұмыс барысында барлық істер реставрациялаудың жұмыс дәптері мен құжаттық реставрациялық паспортына жазылып отыру керек;

- Құжаттарды міндетті түрде реставрациялауға дейін, оның барысында және кейін суретке түсіріп отыру керек;

- Реставрациялық тәсілді тандап алу барысында, оның нәтижесінде болатын эффекті, құжаттың ерекшелігін (түрін, мәдени-тарихи маңызын, сиректігін, сақталу дәрежесін) ескеру қажет;

- Құжаттарға реставрациялық араласудың шекарасын дұрыс анықтап алу керек. Ол өте аз дәрежеде болып, белгілі бір нәтиже беруі қажет, яғни ол аса қажеттіліктен ғана тууы қажет;

- Құжаттың жоғалған бөлігін толықтыру барысында толықтырушы детальдар оған анағұрлым ұқсас, жақындау болуы керек [2. С. 138-140].

Құжаттармен реставраторлардың жұмыс жасау тәртібі:

1. Дезинфекциялық өңдеу;
2. Құжатты тексеру, оның сақталу дәрежесін анықтау және сипаттап жазу;
3. Беттерін нөмірлеу;
4. Түттерін шешу;
5. Тазалау (құрғақ механикалық тазалау, майлы дақтарды кетіру, жуу, ағарту);
6. Стабилизациялау;
7. Беттердің бүлінген бөліктерін толықтыру;
8. Түптеу;
9. Құжаттарын толтыру.

Дезинфекциялық өңдеу арнайы камераларда немесе жәй қолмен жүргізіледі. Бұл үшін қазіргі кезде метатин препараты қолданады.

Реставратор құжатты тексергеннен кейін оның сақталу дәрежесі туралы жұмыс дәптеріне, реставрациялық паспортқа жазады [3. С. 28].

Мұнда құжаттың түрі, атауы және құжат туралы барлық деректер, соның ішінде қайда сақталғаны, қалай қолданылғаны туралы және құжаттың жалпы жағдайы туралы қысқаша сипаттама берілуі керек.

Ол мынадай ретпен жүреді:

- оның түптелуі мен ондағы бөліктеріне сипаттама беріледі;
- құжаттың беттелуінің толық санына сипаттама беру: нөмірленуіне сипаттама (арабтық, латындық цифрлар), нөмірленбеген бетіне, иллюстрацияларға (карта, жоспар) сипаттама жазу. Парақтық бет – негізгі реставратордың жұмыс істейтін элементі:
- құжаттың әр бетіне сипаттама жасау: қағаздың түріне, оның сақталу дәрежесіне: ластану дәрежесі, беттің өзгеруі, механикалық бөлінуі (жыртылуы, түсіп қалуы);
- кітаптың құрамына кіретін карта, жоспарлық, иллюстрацияның сақталу дәрежесіне сипаттама жасау;
- мәтіннің сипаты мен түрі туралы, бір немесе бірнеше бояумен жазылғаны, анықтылығы, сақталу дәрежесі;
- Қызметтік ескертулер мен штамптар, автографтар иесінің оқырманның ескертпелері – түрі (қарындаш, сия) сақталуы;
- Осының алдында болған реставрация туралы жазу.

Беттерді нөмірлеу. Оны графикалық қарындашпен жазады, парақ бетінің сол жақ төменгі бұрышына жазады.

Құжаттарды түптеуден босату.

Құжаттарды тазалау – реставрациялық іс-шаралардың алғашқы қажетті кезеңі. Құжаттың ластануы зақымданудың ең көп тараған түрі. Құрамына сіңіп қалған шаң-тозаң, табиғи ескіру барысындағы сарғаю, су тиюдің нәтижесінде ісіну, құжатты қолдану барысында түскен әр түрлі дақтар – түпкілікті тазалауды қажет етеді [2. С.138-140].

Құрғақ механикалық тазалауды қағаздың бетін зақымдамай отырып тазалау керек. Оны шаңнан жұмсақ кисточка, губка, резиналық қоқым арқылы тазартылады. Жоғарғы бетінде желімнің іздері, дақтар және тағы да басқалары скальпельдің ұшымен тазартылады [3. С. 28].

Егер қарындашпен жазылған пометкалардан тазарту үшін оны ең алдымен химиялық қарындашпен жазылғаны туралы анықтап алу керек.

Майлы дақтардан тазарту - өте күрделі процесс, ол химиялық тазартуға жатады да, органикалық ерітінділердің көмегімен механикалық тазалаудан кейін жүреді.

Органикалық ерітінділер қағаз бетіне ұзақ ұстаған жағдайда ол керісінше әсер беріп, оның беріктігін бұзып, құрылымын бүлдіреді. Пиридин тура осындай ертінді болып табылады, сондықтан қағаздың бетіндегі майлы дақты пиридинмен тазартқаннан кейін құжатты жақсылап жуу қажет. Іс жүзінде дәлелденгендей арнаулы нұсқауларға қарамастан, құжаттың мәтінінің беріктігін тексере отырып, оның әр қайсысына өзіне ғана тән ертіндіні таңдап алу қажет. Бұл үшін микроампонды ертіндіге сулап алғаннан кейін, құжаттың бетіне апарып ұстап тұрады. Мұндағы мәтін тампонды былғамауы керек [2. С. 141].

Майлық даққа ертіндінің әсерін жалпы қабылданған дақты кетіру технологиясы арқылы тексеруге болады: оргстеклоға полиэтилендік пленканы, содан құжатты, ал майлы дақтың астына фильтрлік қағаздың бірнеше қабатын төсеу арқылы орналастырады. Ал дақты мақта тампонының көмегімен, пинцитпен ұстай отырып жоғары жағынан өңдейді.

Әлемнің бірқатар елдерінде кітаптар мен қолжазбаларды консервациялау мен реставрациялаудың озық технологиялары мен материалдық базасы, тәжірибесі қалыптасқан. Ал, елімізде кез-келген музей, не болмаса кітапхана мамандары үшін құжаттарды, фото-құжаттарды қайта қалпына келтіру жұмыстары өзекті мәселе екендігі белгілі. Өйткені арнайы мамандардың жетіспеуінен қордағы әрбір тозығы жеткен құнды құжаттар, кітаптар мен қолжазбалар ұзақ сақталуы үшін мұқият күтімді талап етеді. Осы мақсатта реставрациялаудың материалдық базасы қалыптасқан елдермен іс-тәжірибе жүргізілуде.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей қорында ХХ ғасырға тән қолжазба кітаптар мен жеке тұлғалардың құжаттары, фотолары көптеп кездеседі. Ылғалдылық, жарықтық режимдері қалыпты арнайы орындарда сақталғанымен тозығы жетіп, ескіруге жақын құжаттар бар. Музейде

реставрация жоғары деңгейде дамығанымен, қағаз бұйымдарын қалпына келтіру артта қалып келеді. Осы орайда қорық-музейінің керамик маманы Ерімбетов Жанұзақ соңғы жылдары Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Иран елінің астанасы Тегеран қаласының Ұлттық кітапханасында өткен іс-тәжірибелік курстарына қатысып, тәжірибе алмасып, біліктілігін арттырып қайтты.

Иран елінің тәжірибесінде келесі бағыттармен жұмыс жасалады.

- Кітаптар мен қолжазбаларды консервациялау жұмыстары;
- Реставрациялық жұмыстар;
- Биологиялық әдістерді пайдалану жұмыстары;
- Химиялық тазалау жұмыстары;
- Музей, мұрағат немесе кітапхананың климаттық жағдайын бақылау және қалыптастыру.

Көрсетілген әрбір бағытқа жеке-жеке тоқталған.

1. Консервациялық жұмыстар. Ирандық тәжірибеге сәйкес кітаптар мен қолжазбалардың мұқабасы мен ашылған беттерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиэтилендік ленталар дайындалып, олармен кітаптарды қаптау әдісі қолданылады. Осы арқылы сирек кітаптар мен қолжазбалар мұқабасының бетін зақым келуден сақтауға болады. Сонымен қатар, қапталған полиэтиленге түгендеу нөмірлері жабыстырылады [4]. Отырар музейінде мұқабасы жоғалған немесе парақтары шашылған қолжазбалар арнайы сөреде жеке-жеке қорапқа салынып, сыртына тіркеу нөмірі мен қолжазба атауы берілген. Ал, жеке тұлға құжаттары мен фотоқұжаттар алфавит бойынша сөрелерге бөлек қойылған.

2. Реставрациялық жұмыстар. Түптеулері мен мұқабаларының түбі ажыраған, беттері шашылған, парақтары жыртылған, тесілген қолжазбаларды қайта түптеп, тесілген парақтарын жамап, жыртылған жерлеріне қағаз жабыстырып, қалыпқа келтіру жұмыстары реставрациялық бөлмеде жасалатыны белгілі. Иранның реставрациялық жұмыстары халықаралық тәжірибеге сай кезең-кезеңімен арнайы мамандардың көмегімен жасалады.

3. Биологиялық әдістерді пайдаланудың негізгі қызметі зиянкестердің түрлерін анықтап, оларды жою және құжаттарды ластайтын зиянды заттардың таралу жолдарын зерттеу болып табылады.

4. Кітаптарды, қолжазбалар мен құжаттарды консервациялаудың келесі түрі – химиялық тазалау жұмыстары. Яғни, бүлінген кітаптар мен құжаттарды химиялық жолмен тазартудың әдістері мен құжат бетіндегі түрлі дақтарды тазалаудың практикалық әдістерін қолдана отырып, заттың бүлінуін тежеу [4].

Жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша Иран елі Ресей, Қатар, Оман, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдерден келген мамандарды тәжірибеден өткізіп, бірлесіп жұмыс жасауда. Елімізде кенже қалған бұл саланы дамыту мақсатында арнайы реставратор мамандары тәжірибеден өтіп келді. Бүгінде Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің «Сапар орталығында» арнайы реставратор мамандарына қажетті құрылғылары бар бөлемелер берілген. Онда қолжазба-кітаптарды түптеуге арналған құрылғылар мен лампалы столдар жұмыс істеуге жеңілдік берері анық. Осы арқылы музей қорында кездесетін көнерген кітаптар мен қолжазбалар, өз құндылығын жоғалтуға дайын тұрған құжаттар арнайы маман иесіне тапсырылып, қажетті көмегін алады деп сенеміз.

Аталған қалпына келтіру жұмыстарын маманданған реставраторлар көмегі арқылы кез-келген музейлік заттар бастапқы кейпіне келтіруге мүмкіндік алынады. Сондықтан да, тарихы тереңнен басталатын құндылықтарымыздың ғұмыры ұзақ болуын тілейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Краткий словарь музейных терминов: Проект. Москва, 1974 г.
2. М.К. Никитин, Е.П. Мельникова. Химия в реставрации. Ленинград «Химия», Ленинградское отделение, 1990 г.
3. Основные технологические процессы реставрации документов. С-П., 2002 г.
4. Сирек кітаптар мен қолжазбаларды реставрациялау және консервациялаудың ирандық тәжірибесі [электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: [http:// gylymordasy.kz/kaz/bos-oryndar](http://gylymordasy.kz/kaz/bos-oryndar)

<i>Г.А.Ысқақ.</i> Музей қорындағы құжаттарды реставрациялау жұмыстары.....	252
<i>Г.Ж.Маябасова, М.А. Ахмет.</i> Отырар мұражайы қорындағы ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар.....	256
<i>М.Байтасов.</i> Музей қорындағы қару-жарақтар коллекциясы.....	259
<i>А.Тұрлыбекқызы.</i> Музей қорындағы сәулет қыштардың формалары мен кезеңделуі.....	264
<i>Ф.Рахимов, И.Аббазов.</i> Ахмет Яссау и және квант физикасы.....	268